

**Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының және ведомстволарының басшыларына (басшыларының орынбасарларына) сыйақы беру туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 маусымдағы N 964.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.04.13. N 565 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге орталық атқарушы органдарының және ведомстволарының басшыларына (басшыларының орынбасарларына) сыйақы беру туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.
2. Осы қаулы 1997 жылдың 1 маусымынан бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 12 маусымдағы  
N 964 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге орталық атқарушы органдарының және ведомстволарының басшыларына (басшыларының орынбасарларына) сыйақы беру туралы  
**ЕРЕЖЕ**

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, өзге де орталық атқарушы органдарының және ведомстволардың басшыларының (басшылары орынбасарлардың) (бұдан әрі - басшылардың) функционалдық міндеттері мен жүктемелерін уақтылы және сапалы орындағаны үшін материалдық көтермелеу мақсатында әзірленді.

2. Басшыларға сыйақы беру Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3436 U973436\_ Жарлығымен бекітілген Мемлекет бюджеті есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесіне сәйкес еңбекке ақы төлеу қорының осы мақсаттарға көзделген қаражаты шегінде жүргізіледі.

3. Басшылар орталық аппарат қызметкерлеріне сыйақы беру туралы ережелерді өз бетінше әзірлеп, бекітуге құқылы.

## II. Сыйақы берудің көрсеткіштері мен шарттары

4. Қызметтің сыйақы алуға құқық беретін нәтижелерін сипаттайтын негізгі көрсеткіштері мыналар болып табылады:  
орталық атқарушы органға және ведомствоға Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекіткен осы органдар туралы Ережеге сәйкес жүктелген функциялар мен міндеттерді орындау;

мыналарды уақтылы және сапалы орындау;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл жоспарының шаралары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң жобалары жөніндегі жұмыс жоспары;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмалары.

сыйақы берудің негізгі шарты мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтау болып табылады.

## III. Сыйақыны бекіту мен төлеу тәртібі

5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі орындаушылық тәртіптің ахуалы туралы ақпараттың негізінде және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жетекшілік ететін орынбасарымен келісе отырып,

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне басшыларға сыйақы беру (сыйақы бермеу) туралы ұсыныс әзірлейді (осы Ережеге қоса беріліп отырған сыйақының мөлшерін келісу парағына сәйкес), Премьер-Министр сыйақы төлеуге рұқсат береді.

6. Сыйақы төлеу күнтізбелік айда нақты жұмыс істелген уақыт үшін біліктілік сыныптары, әскери атақтары, сыныптық шендері үшін қосымша ақылар мен еңбек сіңірген жылдары үшін үстемелерді есепке ала отырып, лауазымдық жалақының 33 проценті мөлшерінде жүргізіледі.

7. Сыйақы басшыларға, әдетте, есепті кезең аяқталған соң бір ай

мерзімнен кешіктірілмей төленеді.

8. Жаңадан тағайындалған басшыларға сыйақы нақты жұмыс істелген уақыт үшін келесі айда төленеді.

9. Осы Ережеге сәйкес төленетін сыйақылар орташа жалақыны есептеу кезінде ескеріледі.

#### IV. Сыйақыдан айыру (оны төмендету) негіздері мен тәртібі

10. Сыйақыдан айыру (оны төмендету) үшін негіздер мыналар болып табылады:

белгіленген тәртіп қайтарылған нормативтік-құқықтық актілер жобаларын сапасыз әзірлеу, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің, Үкіметінің және Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының (оның орынбасарының) тапсырмаларын белгіленген мерзімде орындамау - тиесілі сыйақының 25 процентіне дейін;

нормативтік-құқықтық актілер жобаларын қайта ұсыну мерзімін бұзу, сонымен қатар олардың келісілмеген жобаларын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне ұсыну - тиесілі сыйақының 50 процентіне дейін;

Үкіметтің іс-қимыл жоспарының шараларын, Үкіметтің заң жобалары жөніндегі жұмыс жоспарын Үкіметтің қаулыларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерін уақтылы және сапалы орындамау - тиесілі сыйақының 75 процентіне дейін.

Мемлекеттік және еңбек тәртібін бір рет өрескел бұзған не нормативтік құқықтық актілердің белгіленген ұсыну және орындау мерзімдерін бірнеше рет (екі және одан да көп) бұзған, жүктелген функциялар мен міндеттерді

орындамаған жағдайда, сондай-ақ тәртіп бұзу әрекетін жасағанда не әкімшілік құқық бұзғанда тиісті лауазымды адам 100 процент мөлшеріндегі сыйақыдан айырылады.

11. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұйғарымына қарай

осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша белгіленген сыйақыдан айыру мөлшері өзгертілуі мүмкін.

12. Лауазымды адамды сыйақыдан айыру ол мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзған, өзіне жүктелген міндеттерді орындамаған және тиісті түрде орындамаған, лауазымды өкілеттіктерін асыра пайдаланған жағдайларда оған тәртіптік жаза қолдануға кедергі бола алмайды.

### Қосымша

Басшыға (басшының орынбасарына)  
берілетін сыйақы мөлшерін  
келісу парағы

---

(министрліктің, мемлекеттік

---

комитеттің атауы)

---

(қай жылға және айға)

---

Аты-жөні	Ескертулер	Сыйақыны төмен.
----------	------------	-----------------

дету немесе одан  
айыру туралы  
ұсыныс

---

1

2

3

4

---

Премьер-Министрдің Есімов А.С.  
бірінші орынбасары

Премьер-Министрдің Дүйсенов Д.Т.  
орынбасарлары Кәрібжанов Ж.С.  
Тасмағамбетов И.Н.  
Павлов А.С.

Премьер-Министр Бегахметов Т.К.  
Кеңсесінің Басшысы

Кеңсе Басшысының Котлов А.Н.  
орынбасарлары Қасымов А.Қ.  
Ермекбаев Қ.Е.

Үкімет шешімдерін Котенко Н.Л.  
әзірлеуді үйлестіру  
бөлімі

Мемлекеттік қызмет Пепенин А.С.  
және кадр жұмысы  
бөлімі

Сыртқы байланыстар Нұралиев С.Қ.  
және хаттама бөлімі

Заң қызметі Жиленков С.В.

---